

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымды сертификаттау және сертификат беру қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 440 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 197 бұйрығын қараңыз.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 14) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымды сертификаттау және сертификат беру қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2011 жылғы	25 сәуірдегі
№ 440	қаулысымен
бекітілген	

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымды сертификаттау және сертификат беру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымды сертификаттау және сертификат беру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 14) тармақшасының талаптарына және азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйымдардың авиациялық стандарттарына сәйкес әзірленген.

2. Осы Қағида Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асыратын тұлғаларға азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және сертификат беру тәртібін (бұдан әрі - Сертификат) белгілейді.

3. Сертификат иеліктен шығарылмайтын болып табылады және басқа тұлғаға берілмейді.

4. Осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы Сертификат қолданылу аясы мен мерзімі көрсетіліп, екі жыл мерзімге беріледі. Қолданылу мерзімі өткен соң Сертификат жарамсыз деп есептеледі.

5. Сертификаттауды, Сертификаттар беруді, оларды есепке алуды, сондай-ақ сертификаттау талаптарының сақталуын бақылауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Сертификатталған авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйым әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгі нұсқаулыққа сәйкес орындалатын жұмыстардың көлемі мен күрделілігіне байланысты ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін енгізеді.

7. Қағидада мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) өтінім - өтінім берушінің азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға сертификаттау рәсімін өту үшін берген жазбаша өтініші;

2) өтінім беруші - азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның Сертификатын алу үшін өтініш жасаған заңды тұлға;

3) сертификаттық талаптар - азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптар;

4) техникалық қызмет көрсететін ұйымның қызметі жөніндегі нұсқау - техникалық қызмет көрсететін ұйымның құрылымы және оның басшылығының міндеттері, орындалатын жұмыстардың аясы, өндірістік база, техникалық қызмет көрсету рәсімдері мен сапаны қамтамасыз ету жүйелері туралы толық ақпарат қ а м т ы л ғ а н қ ұ ж а т ;

5) техникалық қызмет көрсету - бақылау-қалпына келтіру жұмыстарын, жекелеп, сонымен қатар бірге орындалатын тексеруді, ауыстыруды, ақауларды жоюды қоса алғанда, әуе кемесінің ұшу жарамдылығын сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ түрлендіруді немесе жөндеуді іс жү з і н д е жү з е г е а с ы р у ;

6) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і) ;

7) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйым (бұдан әрі – АТ ТҚ және Ж) – авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және (немесе) жөндеуді жүзеге асыратын және авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның қолданыстағы сертификаты бар заңды тұлға немесе заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі;

8) авиациялық техниканы жөндеу - авиациялық техниканың жарамдылығы мен жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі операциялар кешені.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Азаматтық авиацияның АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымды сертификаттауды жүргізу тәртібі

8. Сертификаттауды жүргізудің мынадай тәртібі белгіленеді:

1) өтінім берушінің азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаға 3-қосымшада көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттармен қоса осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда өтінім беруі;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның өтінім бойынша алдын ала бағалауы және шешім қабылдауы;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган комиссиясының сертификаттық тексеру жүргізуі;

4) шешім қабылдау және сертификат беру (беруден бас тарту).

9. Өтінім беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға

сертификаттауға арналған өтінімді:

1) жоспарлы сертификаттау кезінде (бастапқы немесе бұрын берілген сертификаттың қолданылу мерзімі өткен соң);

2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның қызмет аясын кеңейту қажет болған кезде береді. Өтінімге осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес құжаттар қоса беріледі. Сертификаттық рәсімдер аяқталғаннан кейін өтінімге қоса берілген құжаттардың түпнұсқалары оларды алмастыратын көшірмелерді ұсыну шартымен өтінім берушіге кері қайтарып беруге жатады.

10. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган өтінімді алдын ала бағалауды жүргізеді және өтінім берушіге осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес өтінім бойынша шешімді хабарлайды. Өтінімді алдын ала бағалау құжаттарда ұсынылған рәсімдермен, практикамен және әдістермен жалпы танысуды және олардың сертификаттық талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтиды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Егер өтінім немесе оған қоса берілген құжаттар осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өтінім кері қайтару себептерін жазбаша көрсете отырып, кері қайтаруға жатады.

12. Өтінім бойынша ескертулер болмаған кезде (ескертулер жойылғаннан кейін) өтінім бойынша шешімнің негізінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сертификаттық тексеру жүргізу үшін комиссия құрады. Комиссияның құрамы, жұмыс мерзімі және сертификаттау объектісі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен белгіленеді. Комиссияның құрамына төраға мен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның функцияларына әуе кемелерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету және ұшуға жарамды күйде ұстау мәселелері жататын қызметкерлерінің кем дегенде екі мүшесі енгізіледі.

13. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттық тексеру осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес өтінім берілген қызмет салалары мен АТ ТҚ және Ж ұйымының сипаттамаларына қатысты жүргізіледі.

14. Сертификаттық тексеру жүргізу кезінде:

1) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу ұйымының сипаттамасы (көрсеткіштері) тексеріледі және осы орталықтың сертификаттық талаптарға сәйкестігін растауға мүмкіндік беретін тексеру рәсімдері іске асырылады;

2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің

т о л ы қ т ы ғ ы

м е н

с а п а с ы ;

3) сапаның тұрақтылығы тексеріледі.

15. Сертификаттық тексеру мерзімі өтінім уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды. Қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы қарау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған сәттен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өтінім берушіге х а б а р л а н а д ы .

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Сертификаттық тексеру нәтижелері бойынша комиссия осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес екі данада өтінім беруші объектілерінің нақты жай-күйі, тұжырымдар, ұсынымдар және Сертификатты беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды көрсетілген сертификаттық тексеру актісін жасайды, оған соңында комиссияның барлық мүшелері қол қояды және өтінім берушіге танысу ү ш і н ұ с ы н ы л а д ы .

18. Сертификаттық тексеру кезінде Сертификат беруге кедергі болмайтын сәйкессіздіктер анықталған жағдайда өтінім беруші күні мен осы сәйкессіздіктерді жоюға жауапты адамдар көрсетілген сертификаттау кезінде анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасайды. Іс-шаралар жоспарын өтінім беруші бекітеді және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жібереді. Сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін өтінім беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға олардың жойылғаны туралы анықтама ұсынады.

3. Сертификат беру немесе беруден бас тарту

19. Сертификат беру немесе беруден бас тарту үшін сертификаттық тексеру актісі негіз болып табылады .

19-1. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау көрсетілген алым мемлекеттік бюджетке төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 №

1432 қаулысымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

20. Сертификатты ресімдеу мен беруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сертификаттық тексеру актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жүргізеді.

21. Егер өтінім беруші сертификаттық талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Сертификат беруден бас тарту жүргізіледі.

22. Сертификат беруден бас тартылған кезде өтінім берушіге сертификаттық тексеру актісіне қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бас тарту себептері көрсетілген дәлелді жауап беріледі. Өтінім беруші келіспеген кезде бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

4. Сертификатқа өзгерістер енгізу мен телнұсқа беру

23. Берілген Сертификаттарды қайта ресімдеу авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның атауы, оның ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда және сертификаттық талаптарға сәйкессіздікке әкеп соқтырмайтын басқа да өзгерістер болған жағдайда жүргізіледі.

24. Сертификаттың телнұсқасы ол бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда он жұмыс күні ішінде беріледі.

25. Сертификатқа өзгеріс енгізу немесе телнұсқа алу үшін авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйым азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға өтініш беруші жүргізген қызметтік тексеру материалдарымен және бұрын берілген Сертификатты қоса бере отырып, еркін нысанда өтініш береді (жоғалу немесе ұрлану жағдайларын қоспағанда).

Азаматтық	авиацияның	авиациялық
техникасына	техникалық	қызмет
көрсететін	және оны	жөндейтін
сертификаттау	және	сертификат
		беру

қ а ғ и д а с ы н а

1-қосымша

Е Л Т А Ң Б А

уәкілетті	органның	атауы
-----------	----------	-------

уәкілетті	органның	мекенжайы
-----------	----------	-----------

Авиациялық		техникаға
------------	--	-----------

техникалық	қызмет	көрсету	және
------------	--------	---------	------

жөндеу	жөніндегі	ұйымның	сертификаты
--------	-----------	---------	-------------

№ _____

20__жылғы «__» берілген. Қолданылу мерзімі 20__жылғы «__»__
дейін_____

(ұйымның атауы, заңды мекенжайы)

Осы Сертификат авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және
жөндеу жөніндегі ұйым_____осы
(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

Сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшасында көрсетілген
қолданылу саласына жататын сертификаттау талаптарына сәйкес келетінін
к у ә л а н д ы р а д ы .

Сертификатты Сертификаттық тексеру актісінің негізінде
_____комиссиясы берді.
(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атауы)
20__жылғы «__» №_____

Инспекциялық бақылауды_____
(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атауы) жүзеге асырады.

М . О .

Азаматтық авиация саласындағы
уәкілетті органның басшысы
не ол уәкілеттік берген адам

_____ қ о л ы , Т . А . Ә

№_____

А в и а ц и я л ы қ т е х н и к а ға
техникалық қызмет көрсету
және жөндеу жөніндегі ұйымның
с е р т и ф и к а т ы н а
қосымша

Сертификаттың қолданылу саласы

Р/с №	Авиациялық техниканың үлгісі	Жұмыс түрлері	Ескертпе

М.О.

Азаматтық авиация саласындағы
уәкілетті органның басшысы
не ол уәкілеттік берген адам

қолы, Т.А.Ә.

Азаматтық авиацияның авиациялық
техникасына техникалық қызмет көрсететін

және оны жөндейтін ұйымды сертификаттау
және сертификат беру қағидасына
2-қосымша

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсететін және жөндейтін (АТ ТҚ және Ж) ұйымның сертификатын алуға арналған өтінімнің үлгі нысаны

1. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның атауы _____
 2. Ұйым тіркелген жер және тіркеу нөмірі (шифры) _____
 3. Өндірістік базаның орналасқан жері: _____
 4. Пошталық мекенжайы _____
 5. Телефон _____
 6. Телеграф _____
 7. Факс _____
 8. Есеп шоты _____
 9. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____
 10. Электрондық мекенжайы _____
 11. Өтінім беру себебі (керегінің астын сызу): АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сертификатын алуға арналған бастапқы өтінім;
АТ ТҚ және Ж бойынша жұмыстар түрлерінің (кешендерінің) тізбесін
т о л ы қ т ы р у ;
авиациялық техника үлгілерінің тізбесін толықтыру;
кезекті мерзімге арналған сертификаттау;
АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сертификатын кері қайтарып алғаннан/күшін
жойғаннан кейінгі сертификаттау;
АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның негізгі деректерін өзгерту;
басқа да себептер (көрсету)
 12. Өтінімнің м а з м ұ н ы
- Мен, төменде қол қойған, _____

(ұйым басшысының Т.А.Ә.)

_____ (күні) _____ бекітілген (тіркелген)

Жарғының (Ереженің) негізінде әрекет ететін техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды мынадай авиациялық техникада төменде көрсетілген қызмет түрін орындау құқығына сертификаттау жүргізуді сұраймын:

ӘК, қозғалтқыштың, АТ бұйымының үлгісі	Қызмет нысаны		
	ТҚ жедел түрлері (көрсету)	ТҚ кезеңдік түрлері (көрсету)	Жұмыстардың басқа түрлері (көрсету)

13. Өтінім беруші Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы заңнамасының талаптарын мойындайды және о р ы н д а у ғ а м і н д е т т е н е д і .

14. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету үшін жауапты басшы құрам:

Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы
АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның басшысы		
Сапаны бақылау (кепілдік) жөніндегі бөлімшенің басшысы		

Азаматтық авиацияның авиациялық
техникасына техникалық қызмет
көрсететін және оны жөндейтін
ұйымды сертификаттау және
сертификат беру қағидасына
3-қосымша

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алуға арналған өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесі

1. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу (АТ ТҚ және Ж) жөніндегі ұйым жарғысының көшірмесі.

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе а н ы қ т а м а н ы ң к ө ш і р м е с і .

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылға 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның қаржы-экономикалық жағдайы туралы а н ы қ т а м а .

4. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі).

5. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның қызметі жөніндегі басшылық (құжаттардың осы тізбесіне қосымша).

6. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның бекітілген құрылымы.

8. АТТҚ және Ж жөніндегі ұйымның құрылымдық бөлімшелері туралы ереже

9. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның штаттық кестесі.

10. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның командалық-басшы құрамы туралы мәліметтер және білім туралы тиісті құжаттардың көшірмелері.

11. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның командалық-басшы құрамының лауазымдық нұсқаулықтары.

12. Авиациялық техниканың үлгілері бойынша рұқсат ету түрлері мен жұмыстар түрлері көрсетілген АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның инженерлік-техникалық персоналының тізімі.

13. Инженерлік-техникалық құрамының қозғалтқыштарды жүргізу және сынап көру рұқсаттары туралы ақпарат.

14. Сақтандыру полистерінің және медициналық анықтамалардың қолданылу мерзімдері туралы ақпарат көрсетілген, базадан тыс әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді орындауға арналған экипаждардың құрамында ұшуларды орындауға жіберілген АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның инженерлік-техникалық құрамы тұлғаларының тізімі.

15. Мәлімделген іс-қимыл саласындағы АТ ТҚ және Ж жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға негіз болатын құжаттар тізбесі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

16. Шарттың мәні мен қолданылу мерзімі көрсетілген, АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым мен авиациялық техниканы жасаушылар, әзірлеушілер немесе азаматтық авиацияның ғылыми-зерттеу ұйымдары арасындағы авиациялық техниканы пайдалануды технологиялық-конструкторлық сүйемелдеуге арналған шарттардың тізбесі.

17. Шарттың мәні мен қолданылу мерзімі көрсетілген, АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым мен азаматтық авиацияның басқа да бөгде ұйымдары арасындағы авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындауға арналған шарттардың тізбесі.

18. Шарттық мәні мен қолданылу мерзімі көрсетілген, АТ ТҚ және Ж

жөніндегі ұйым мен азаматтық авиацияның жөндеу ұйымдары арасындағы авиациялық техниканы жөндеуге арналған шарттардың тізбесі.

19. Шарттың мәні мен қолданылу мерзімі көрсетілген, АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым қызметін метрологиялық қамтамасыз етуге арналған шарттардың т і з б е с і .

20. Шарттың мәні мен қолданылу мерзімі көрсетілген, АТ ТҚ және Ж бойынша ұйымның инженерлік-техникалық құрамына техникалық оқу өткізу мен біліктілігін арттыруға арналған шарттардың тізбесі.

21. Шарттың мәні мен қолданылу мерзімі көрсетілген, жалға алынатын құрылыстар мен жер үстінде қызмет көрсету құралдарын пайдалануға арналған ш а р т т а р д ы ң т і з б е с і .

22. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і) .

23. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і) .

24. Ұйым шарт бойынша АТ ТҚ және Ж бойынша қызмет көрсететін азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылар тізімі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Шарттар бойынша қосалқы мердігер ұйымдардың тізбесі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қосымшаға ескертпе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Азаматтық	авиацияның	авиациялық
техникасына	техникалық	қызмет
көрсету	және	жөндеу
ұйымның	сертификатын	алуға

арналған
құжаттардың
қосымша

өтінімге

қоса

берілетін
тізбесіне

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымының қызметі бойынша нұсқау

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1 . К і р і с п е

1) М а з м ұ н ы ;

- 2) Тақырыбы және саласы;
- 3) Қолданыстағы парақ тізбесі;
- 4) Ревизия/толықтырулар тізбесі;
- 5) Т а р а т у п а р а ғы ;
- 6) Пайдаланылатын қысқартулар.

2 . Б а с қ а р м а

- 1) Жауапты басшының өтініші;
- 2) Қауіпсіздік және сапа саясаты;
- 3) Б а с қ а р у п е р с о н а л ы ;
- 4) Басқару персоналының лауазымды адамдарының құқықтары мен м і н д е т т е р і ;
- 5) Ұйымды басқару құрылымы;
- 6) Рұқсат ететін персонал тізілімі;
- 7) Ұйым жұмысшылары құрамының сипаты;
- 8) Сертификатта көрсетілген ұйымдар мекенжайларының әрқайсысында орналасқан өндірістік қуаттардың жалпы сипаты;
- 9) Техникалық қызмет көрсету бойынша (әуе кемелеріне және құрауыштарына) орындалатын жұмыс көлемі;
- 10) Ұйымдағы өзгерістер туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органды х а б а р д а р е т у р ә с і м і ;
- 11) Нұсқауға өзгерістер енгізу рәсімдері.

3. Техникалық қызмет көрсету жөніндегі рәсімдер

- 1) Өнім берушілерді бағалау және қосалқы мердігерді қадағалау рәсімдері;
- 2) Сыртқы өнім берушілерден әкелінетін ӘК құрауыштары мен материалдарын қабылдау және тексеру;
- 3) АТ техникалық қызмет көрсетуге арналған құрауыштар мен материалдарды сақтау, таңбалау және беру;

- 4) Құралдар мен жабдықтарды қабылдау;
- 5) Құралдар мен жабдықтарды калибрлеу;
- 6) Персоналдың баламалы құралдар мен жабдықтарды қоса алғанда, құралдар мен жабдықтарды пайдалануы;
- 7) Техникалық қызмет көрсету объектілерінде тазалық сақтау нормалары;
- 8) Техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулықтар және олардың ӘК/ӘК құрауыштарын шығарушылардың нұсқаулықтарына сәйкестігі, жаңартылуын және техникалық персонал үшін олардың болуын қоса алғанда;
- 9) Жөндеу бойынша рәсімдер;
- 10) Пайдаланушының ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі бағдарламаға сәйкес келуі;
- 11) Ұшуға жарамдылық директиваларын орындау рәсімдері;
- 12) Міндетті емес түрлендіруді орындау рәсімі;
- 13) Техникалық қызмет көрсету бойынша пайдаланылатын құжаттар және оларды толықтыру;
- 14) Техникалық қызмет көрсету жазбаларын бақылау (деректерді есепке алу);
- 15) Базалық техникалық қызмет көрсетуді жүргізу барысында анықталған ақауларды жою;
- 16) Техникалық қызмет көрсетуден кейін пайдалануға қайта енгізу рәсімі;
- 17) Пайдаланушының құжаттамасындағы жазбалар;
- 18) Ақаулар жөнінде құзыретті пайдаланушыға/үлгі сертификатын ұстаушыға хабарлау;
- 19) ӘК жарамсыз құрауыштарын қоймаға қайтару;
- 20) Сыртқы өнім берушілердің ақаулы құрауыштары бойынша іс-қимыл;
- 21) Электронды түрде сақталатын есептік деректерді бақылау;
- 22) Техникалық қызмет көрсету бойынша жоспарланған жұмысқа қарасты адам-сағатты жоспарлауды бақылау;
- 23) Техникалық қызмет көрсетудегі қиын жұмыстарды бақылау;
- 24) Техникалық қызмет көрсету жөніндегі ерекше жұмыстарды жүргізу жөніндегі рәсім бойынша мындай ақпарат: қозғалтқыштарды сынау рәсімдері; ӘК герметикасын тексеру рәсімдері; ӘК сүйрету рәсімдері; ӘК жүргізу бойынша рәсімдер; құрауыштар мен материалдарды жою;
- 25) Техникалық қызмет көрсету барысында жіберілген қателерді табу және түзету рәсімдері;
- 26) Ауысым арасындағы жұмыстарды тапсыру рәсімдері;
- 27) Үлгі сертификатын ұстаушыға техникалық қызмет көрсету барысындағы

нақты емес және екіұшты деректер жөнінде ақпарат беру рәсімдері;

28) Өндірісті жоспарлау рәсімдері.

4. Жедел техникалық қызмет көрсету бойынша қосымша рәсімдер

1) Жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі құрал-саймандарды, ӘК құрауыштарын бақылау;

2) Жерүсті қызмет көрсетуге, отын құюға, мұздануға қарсы арнайы сұйықтықтардың шөгінділерден тазартылуын тексеруді қоса алғанда, мұздануға қарсы жұмыстарға байланысты жедел техникалық қызмет көрсетуді жүргізу жөніндегі рәсімдер;

3) Жедел техникалық қызмет көрсету барысында кемшіліктерді және қайталанатын ақауларды бақылау;

4) Жедел техникалық қызмет көрсету кезінде борттық журналды толтыру рәсімі;

5) Жедел техникалық қызмет көрсету кезінде келісілген және қарызға алынған қосалқы бөлшектерді жеткізу рәсімі;

6) Жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі әуе кемесінен алынған ақаулы қосалқы бөлшектерді қайтару рәсімі;

7) Жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі қиын тапсырмаларды бақылау рәсімі.

5. Сапа жүйесінің рәсімдері

1) Техникалық қызмет көрсету аудитін ұйымдастыру рәсімдері;

2) ӘК және құрауыштарының аудиті;

3) Аудит кезінде анықталған кемшіліктерді (ақауларды) жою рәсімі;

4) Техникалық қызмет көрсету жөнінде куәлік беретін персоналға біліктілік беру және оны оқыту рәсімдері;

5) Техникалық қызмет көрсету жөнінде куәлік беретін персонал бойынша есептік деректер;

6) Сапа жүйесінің аудиторлары;

7) Инспекторлардың (қосалқы тексеруді қажет ететін жұмыстарды тексеретін) біліктілігін бақылау;

8) Техникалық қызмет көрсету және жөндеу маманының біліктілігін бақылау;

9) Техникалық қызмет көрсетуде қарастырылған техникалық қызмет көрсету көлемінен ауытқу процесін басқару;

10) Техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру рәсімдерінен ауытқу рұқсаттарын бақылау;

11) Дәнекерлеу сияқты мамандандырылған жұмыстарға арналған біліктілік рәсімі, ыдыратпайтын бақылау;

12) Дайындаушы зауыттың және басқа да сыртқы орындаушылардың техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс топтарының жұмысын бақылау;

13) Адами фактор бойынша оқыту рәсімі;

14) Персоналдың құзыреттілігін бағалау.

6. Техникалық қызмет көрсетудің орындалуы

1) Келісімшарт бойынша техникалық қызмет көрсету орындалатын пайдаланушылар тізбесі;

2) Пайдаланушының рәсімі және оның құжаттарымен жұмыс;

3) Пайдаланушының техникалық құжаттамасын толтыру.

7. Қосымша мәліметтер

1) Құжаттардың үлгілері;

2) Қосалқы мердігерлердің тізімі;

3) Жедел техникалық қызмет көрсету станцияларының тізімі;

4) Шарт бойынша техникалық қызмет көрсету орындалатын пайдаланушылар тізімі.

Азаматтық авиацияның авиациялық
техникасына техникалық қызмет
көрсететін және оны жөндейтін ұйымды
сертификаттау және сертификат беру
қағидасына
4-қосымша

Азаматтық авиацияның техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу (АТ ТҚ және Ж) ұйымының сертификатын алуға арналған өтінім бойынша шешімнің үлгі нысаны

20__жылғы «__» №_____

(А Т Т Қ және Ж атауы)
_____сертификаттау жүргізуге ұсынылған
(А Т Т Қ және Ж атауы)
«__» _____№_____

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)
өтінімін қарап, хабарлаймыз:

1. Сіздер ұсынған құжаттар азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келеді (сәйкес келмейді) (сәйкес келмеген жағдайда сәйкес келмеген тармағы көрсетіледі)_____

2. Сертификаттық тексеру_____кезеңінде жүргізіледі

3. Инспекциялық бақылауды жүзеге асырады.

МО

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам

(қ о л ы , Т . А . Ә .)

20__жылғы «__»__

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымды сертификаттау және сертификат беру қағида с ы н а
5-қосымша

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымның қызмет салалары

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымның қызмет салаларына мыналар жатады:

1) жекелеген үлгілердегі әуе кемелеріне жедел техникалық қызмет көрсету, соның ішінде ағымдағы жөндеу, ақаулықтарды жою, агрегаттар мен жинақтаушы б ұ й ы м д а р д ы а у ы с т ы р у ;

2) жекелеген үлгілердегі әуе кемелеріне кезеңдік техникалық қызмет көрсету, соның ішінде авиақозғалтқыштарды ауыстыру, авиациялық техниканы ағымдағы жөндеу, авиациялық техникаға маусымдық және арнайы техникалық қызмет көрсету, сақтау кезінде авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету;

3) зертханалық жағдайдағы ӘК техникалық қызмет көрсету агрегаттары және ж и н а қ т а у ш ы б ұ й ы м д а р ы ;

4) ӘК және олардың агрегаттары мен жинақтаушы бұйымдарын бұзылмайтын бақылау әдісімен инспекциялау;

5) «күрделі жөндеусіз» пайдаланылатын әуе кемелерінің планеріндегі, авиациялық техниканың авиақозғалтқыштарындағы және жинақтаушы бұйымдарындағы бақылау-қалпына келтіру жұмыстары (жөндеу-қалпына келтіру ж ұ м ы с т а р ы) ;

6) әуе кемесінің интерьерін жаңарту (қайта жабдықтау);

7) әуе кемесін жаңғырту бойынша жұмыстарды және авиациялық техниканы әзірлеушінің бюллетеньдері мен құжаттамасы бойынша пысықтауларды орындау ;

8) әуе кемелерін, авиақозғалтқыштарды және жинақтаушы бұйымдарды (агрегаттарды) оларға жаңа ресурстарды (қызмет мерзімдерін) белгілеумен күрделі жөндеу.

Азаматтық авиацияның авиациялық
техникасына техникалық қызмет
көрсететін және оны жөндейтін
ұйымды сертификаттау және сертификат беру
қ а ғ и д а с ы н а
6-қосымша

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттық тексеру бағдарламасы

Ескерту. 6-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1432 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Азаматтық авиацияның авиациялық
техникасына техникалық қызмет
көрсететін және оны жөндейтін
ұйымды сертификаттау және
с е р т и ф и к а т б е р у
қ а ғ и д а с ы н а
7-қосымша

Б е к і т е м і н

Азаматтық авиация саласындағы
уәкілетті органның басшысы
не ол уәкілеттік берген тұлға

қ о л ы , Т . А . Ә .

20__жылғы «__»_____

Сертификаттық тексеру актісінің үлгі нысаны

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атауы)

20__жылғы «__» №_____бұйрығына сәйкес мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға: _____

(Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы)

Комиссия мүшелері:_____

(Т . А . Ә . , лауазымы)

(Т . А . Ә . , лауазымы)

(Т . А . Ә . , лауазымы)

(ұйымның атауы)

авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу (АТ ТҚ және Ж)
жөніндегі ұйымды сертификаттық тексеріп қарауды жүргізді.

Қ о р ы т ы н д ы

м ә т і н і :

Төраға:

(Т.А.Ә.) (қолы)

Комиссия мүшелері:

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

А к т і м е н

т а н ы с т ы м :

А Т

Т Қ

ж ә н е

Ж

жөніндегі ұйым басшысы

(Т.А.Ә.)

(қолы)